

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «STEAM технологиясы арқылы балаларды жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру».

Мақсаты: Балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда STEAM технологиясының тиімділігін арттыру, педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіру.

Өткізілген күні: 19 наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

Меңгеруші: Н.К. Кудабоева

2. STEAM технологиясын қолданудың тиімділігі

Әдіскер: Г.К. Бердаулетова

3. “4–5 жастағы тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктеріне сәйкес оқыту” баяндама

Тәрбиеші: А.Қ. Қондыбаева

4. «Қалдық заттардан жасалған ойыншықтар» көрме

Барлық топ тәрбиешілері

5. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» -ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде бағалау нәтижесі.

Әдіскер: А.А. Адылбекова

ТЫҢДАЛДЫ:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы баяндама тыңдалды. Балалардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту жұмыстары жүргізілгені айтылды.

2. STEAM технологиясын қолдану арқылы балалардың өз бетінше іздену қабілеті қалыптасатыны, сөздік қоры молаятыны, білім деңгейі тереңдейтіні атап өтілді.

3.4–5 жастағы балалардың ерекшеліктеріне сәйкес оқыту технологияларын қолданудың маңызы айтылды.

4. «Қалдық заттардан жасалған ойыншықтар» бойынша тәжірибе алмасу жүргізілді. Көрме ұйымдастырылды.

5. «Күршім ауылының балабақшасы»-ның әдіскері А.А Адылбекова ҚР Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және «Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру қосымшасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» қосымшасына сәйкес балабақшасының өзін – өзі аттестаттау алдында есеп беріп және қорытындысымен таныстырып өтті.

Өзін – өзі аттестаттау төмендегі бөлімдерді қамтиды.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Кадрлық құрамға талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті
4. Оқу – әдістемелік жұмыс
5. Оқу – материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
10. Қортындылар мен ұсыныстар

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық күшейтілсін.

Жауапты: Барлық топ тәрбиешілері Орындалу мерзімі: оқу жылы барысында

2. Заманауи технологиялар тиімді қолданылсын.

Жауапты: Г.К.Бердаулетова Орындалу мерзімі: оқу жылы барысында

3. Заттық-дамытушы орта толықтырылсын.

Жауапты: Барлық топ тәрбиешілері Орындалу мерзімі: оқу жылы барысында

4. STEAM технологиясы жүйелі түрде енгізілсін.

Жауапты: Г.К.Бердаулетова Орындалу мерзімі: оқу жылы барысында
5. «Күршім ауылының балабақшасы»-ның аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес деп танылып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту «Жақсы» деп бағаланды.

Жауапты: А.А. Адылбекова

Педагогикалық кеңес төрайымы:

 Н.К.Кудабаева

Хатшы:

Э.Р.Джансеитова